



ЖОҒАРЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҚАТЫНАСТАР КОЛЛЕДЖІ



«Саналы ұрпақ» студенттік клубы туралы  
ЕРЕЖЕ

Енгізу күні: «09» 2021 ж.

Атырау, 2021

	Лауазымы	А.Т.Ж.	Қолы	Күні
<b>Жасақтаған:</b>	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	А.Тугельбаева	<i>А.Тугельбаева</i>	
<b>Келісілді:</b>	Колледж директоры	С.Сарекенова	<i>С.Сарекенова</i>	

## 1. Жалпы ережелер

**1.1** ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Алқа мәжілісінің 2018 жылғы 20 сәуірдегі №2 хаттамасының шешімімен 2.3 тармағының 1) тармақшасына сәйкес, жастар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында, жоғары оқу орындарында, техникалық және кәсіби білім мекемелерінде «Саналы ұрпақ» студенттер клубтарын құру көзделген. Осының негізінде Жоғары инновациялық халықаралық қатынастар колледжінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға арналған «Саналы ұрпақ» студенттік клубы (ары қарай - клуб) құрылды.

**1.2** Клубтың жұмысы еріктілік пен тең құқықтылық, өзін-өзі басқарушылық, заңдылық пен жариялылық негізінде жүргізіледі.

**1.3** Клуб мүшелері өз қызметінде ҚР Конституциясы мен заңдарын, халықаралық құқық нормаларын, колледж жарғысын және осы Ережені басшылыққа алады.

**1.4** Клуб мүшелері алдына қойған мақсат-міндеттерін жүзеге асыру жолдарын өздері межелейді.

**1.5** Клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті насихаттай отырып, азаматтық құндылықтарды қалыптастырады, жоғары кәсібилікке ұмтылушы студенттердің бастамасына қолдау көрсетуді және осы бағыттағы жұмыстарды ұйымдастыруды көздейді.

## 2. Клубтың негізгі қағидалары, мақсаттары мен міндеттері

### 2.1 Клубтың қағидалары:

- еріктік;
- тәуелсіздік;
- заңдылық;
- объективтілік;
- алқалылық;
- ашықтық және жариялылық.

### 2.2 Клубтың негізгі мақсаттары мен міндеттері:

- 1) Сыбайлас жемқорлықтың мониторингі;
- 2) Қоғамның әртүрлі салаларында сыбайлас жемқорлықты алдын алауға байланысты ұсыныстарды әзірлеу;
- 3) Сыбайлас жемқорлықтың кең таралуына орай, әкелетін жағымсыз салдарына қоғамның назарын аудару;
- 4) Студенттік қауымдастықта сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру;
- 5) Сыбайлас жемқорлықтың табиғатын зерттеу аясында студенттердің құзыреттіліктері мен қабілеттерін қалыптастыру;

6) Сыбайлас жемқорлық жағдайларына тап болған студенттерге құқықтық көмек көрсету;

7) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл сұрақтары бойынша құқық қорғау органдарымен өзара әрекеттесу.

### **3. Клубты басқару органдары**

#### **3.1 Негізгі органдар**

Клубтың басқару қызметін Жалпы жиналыс, Клуб кеңесі, клубтың төрағасы, студенттік өзін өзі басқару органдары атқарады.

Клубтың жалпы басқаруын Клуб жетекшісі жүргізеді. Клубтың ғылыми қызметін үйлестіруді клубтың мүшелері – колледждің оқытушылары жүргізеді.

#### **3.2 Клубтың Жалпы жиналысы**

Жалпы жиналыс клубтың жоғары басқару органы болып табылады. Жалпы жиналыс маңызды мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы.

Жалпы жиналыстың шешімі қатысушылардың көпшілігімен ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

Жалпы жиналыстың отырысында клубтың жоспары мен есебі қаралады, талқыланады және бекітіледі.

Жалпы жиналыс Клуб кеңесін сайлайды және клубтың төрағалығына кандидатты ұсынады және оны тағайындайды.

Жалпы жиналыстың отырыстары клубтың қажеттіліктеріне қарай өткізіледі, бірақ айына бір реттен кем емес мерзімде.

Жалпы жиналыс клубтың төрағасымен шақыртылады.

#### **3.3 Клуб кеңесі**

Клуб Кеңесі клубтың мақсаттары мен міндеттерінің орындалуын бақылайды, оқу жылының басында жұмыс жоспарының жобасын әзірлейді, бекітілген жоспарды және Жалпы жиналыс отырысының шешімдерін жүзеге асырады.

Жұмыс барысында қажетті шешімдер Клуб кеңесі мүшелерінің көпшілік даусымен қабылданады және олар клуб мүшелерімен орындалуға міндетті болады.

#### **3.4 Клуб төрағасы**

- ережені қабылдауды және оған толықтырулар енгізеді, клуб қызметінің басты бағыты мен бағдарламасын анықтайды;

- клубтың мемлекеттік құрылымдар, басқа да қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынасының негізгі бағыттарын анықтайды;

- клубқа мүшелер қабылдайды және мүшеліктен шығу мәселесін шешеді;

- клубты қайта құру және оның қызметін тоқтату туралы шешім қабылдайды;

- клуб кеңесіне мүшелерді ұсынады, тағайындайды және клуб жұмысының үйлесімділігін қадағалайды;

- клуб отырысын шақырады және оны жүргізеді, оның уақытын, орнын және күн тәртібін жариялайды.

## **4. Құрамы**

### **4.1 Клубтағы мүшелік**

Клубтың мүшелігіне оның Ережесі мен талаптарын мойындайтын және қызметіне белсенді түрде атсалысатын Жоғары инновациялық халықаралық қатынастар колледжінің оқытушылар құрамы мен студенттері қабылданды.

Мүшелікке тіркеу ұйымдастыруды клубтың төрағасы жүргізеді.

### **4.2 Клубқа қабылдану тәртібі**

Клубтың мүшелігіне қабылдау. Жалпы жиналыстың немесе Клуб Кеңесінің отырысында, қабылданушының клубтың төрағасына жеке жазбаша түрінде берілген өтініші негізінде жүзеге асырылады.

Төраға қабылданушының өтінішіне байланысты сұрақты Жалпы жиналыстың немесе Клуб Кеңесінің кезекті отырысының қарауына ұсынады.

Клубқа мүшелікке қабылдау туралы шешім жиынға қатысушылардың көпшілік дауыс беруімен қабылданады. Қабылданушы клубтың шешімі шыққан сәттен бастап мүше болып есептеледі.

### **4.3 Клуб мүшесінің мынадай құқықтары бар:**

- Клубтың басқару органдарына сайлануға және сайлауға;
- Отырыста клуб қызметі туралы ұсыныстар айтуға;
- Талқылаулар бойынша пікір білдіруге;
- Клуб қызметінің мүшелеріне дәйекті сын айтуға;
- Клуб қызметімен байланысты кез-келген сұрақ бойынша жауап талап етуге.

### **4.4 Клуб мүшесі мыналарға міндетті:**

- Клуб мақсаттары мен міндеттеріне жету жолында барынша қолдау көрсетуге;
- Клубтың жарғысын толық орындауға;
- Мүшелер арасында өзара құрметті жоғары ұстауға;
- Барлық іс-шараларға қатысуға;
- Клуб атына кір келтіретін әрекеттерден аулақ болуға.

**Осы Ереже клубтың Жалпы жиналысында қабылданған күннен бастап күшіне енген болып есептеледі.**